



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ШАҒАТАЙ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Үсенбек Жәнібек Ұлықбекұлы

[z.ussenbekov@hotmail.com](mailto:z.ussenbekov@hotmail.com)Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУТүркітану кафедрасының магистранті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – доктор PhD, аға оқытушы Т.Молдабай

Шағатай тілі – XV-XX ғғ аралығында күллі Түркістан өлкесінде қолданылған түрк жазба әдеби тілі. Көне түрк тілінің жалғасы ретінде XI-XII ғасырларда қалыптасқан Қарахан түркшесі барлық түркілердің ортақ жазба тілі еді. Қарахан мемлекеті ыдырағаннан соң, бір жақтан XIV ғ. Хорезм түркшесі, басқа жақтан Қыпшақ түркшесі пайда болды. Бұлар өтпелі кезеңнің тілі болған. XIV ғ. аяғында Әмір Темір Азияда түрк одағын қамтамасыз еткеннен соң қалыптасқан Шағатай тілі аталмыш тілдердің орнын алған еді. Әмір Темір кезеңінен бастап дамыған мәдениет пен өнер орталықтарында пайда болған Шағатай түркшесі тарап кеткен түрк диалектілерін қайтадан біріктіріп, XX ғ. басында қазіргі жазба тілдері қалыптасқанша қолданылды [1, 15]. Бұл тіл жүздеген жылдар бойы жоғары беделге ие болды. Шағатай тілі – қазіргі түрк халықтарының баршасының жазба әдеби тілінің ортақ бастауы.

Шағатайша – Шығыс ханның екінші ұлының атынан келетін термин. Моңғол империясы бөлінген кезде, Шағатай ұлысына Мәуереннаһр (Хорезмден басқа), Жетісу, Ғазна мен Қабылға дейінгі Памир төңірегі, Шығыс Түркістан мен Жоңғария құрамына енді [2, 74]. «Шағатай» сөзі бұл аймақ үшін кеңінен XIV ғ. басында Дува ханның билігі кезінде қолданыла бастады.

Шағатай хандарының әскери күштерін құрған Мәуереннаһрдың түркітері мен түрктеніп кеткен көшпенділері де «шағатай» аталды; империяның шығыс бөлігін мекен еткен көшпенділер болса «моғол» атауын алды. «Бабырнама»-да ханның нөкерлері «сипахи, райийе, моғоллар, чағатайлар»-дан құрылғаны жөнінде айтылады. Шерафеддин Али Йездинің «Зафарнама» еңбегінің шағатайша аудармасында Әмір Темірдің әскері «Чағатай черігі» (Шағатай әскері) деп аталады. XIII-XIV ғғ. Византия деректерінде Батыс Түркістанның түрк жұртына Τζαχαταΐδες Çakhadaides, Τζαχατάης Çakhataes, Τζαγατάη Çagatae, Τζαχαταίοι Çakhataioi есімдері қолданылады. «Шағатай» сөзі Османлы деректерінде де этникалық бірлік ретінде көрсетіледі [3, 6].

Әуелі Шағатай ұлысында қоныстанған көшпенді түркілер үшін қолданылған «Шағатай» термині уақыт өте жазушылар мен тарихшылар тарапынан «Тимуридтер мемлекетінің түрк халқы, тимуридтер түркітері» үшін айтылды [1, 16]. Өз заманында бұл тіл *түрки, түрк тілі, түрки тіл, түрк лафзы, түркче, түркче тіл* депайтылған. Науаи бір жерде түркшенің орнына «Чағатай лафзы» (Шағатай тілі) деп қолданған. «Мизанүл-евзән» Шағатай хандығы XIII ғ. аяғы еңбегінде «Түрк халқы, әсіресе Шағатай халқы арасында таралған өлең өлшемі» хақында баяндап жатқанда түрк пен шағатай сөздерін әртүрлі мағынада жұмсаған. XVII ғ. танымал тарихшысы Әбілғазы Баһадыр Хан да «Шағатай түркшесін» арабша мен парсышаның элементтерімен аралас Тимуридтер дәуіріндегі әдеби тіл ретінде сипаттаған.

«Шағатай» сөзі Шығыста Ислам дәуірінің Орта Азиялық түрк әдеби тілінің белгілі бір кезеңін білдірсе, Батыста кеңірек мағынаға ие бола бастайды. И.Н.Березин *Recherches sur les dialects musulmans* (Қазан 1848, 26-6) еңбегінде шағатайшаны ең көне түрк диалекті ретінде қабылдайды. Бұл көзқарасты басқа ғалымдарда қолдайды. Жалпы, шағатай тілі көне түрк тілінің жалғасы ретінде қарастырылады. Тек XII-XIX ғғ. аралығында қолданыста болған Орта Азиялық түрк әдеби тілі ретінде ғана емес, сонымен қатар Батыс пен Шығыс Түркістанның диалектілерін, әсіресе өзбек тілін, шағатайшаның аясында қарастырып зерттеген Армин Вамбери (Armin Vambery) одан да алға кетеді. Вамбери 1867 жылы Лейпцигте жарық көрген *Çagataische Sprachstudien* (Шағатай тілінің зерттелуі) кітабында бір

дәуірдің тіліне шағатайша деп атағаннан соң, ол терминнің орнығуына үлкен үлес қосты. Мажар Йозеф Тхури (Jozsef Thury), алман Мартин Хартман (Martin Hartmann) және басқа түрктанушылар да осы «шағатай» сөзін аталмыш мағынада қолданып, оның кеңінен тарауына себепкер болды. Османлы мемлекетінде Шағатай түркшесі – Османлы түркшесі сөздігін жазған Бұқаралы Шейх Сүлеймен Әпенді (Buharalı Şeyh Süleyman Efendi)де - «Лұғат-и Чағатай» терминін алғашқы қолданғандардың бірі.

А.Н.Самойлович, Ф.Көпрүлү, А.М.Щербак, Я.Экман және де басқа түрктанушылар Шағатай түркшесінің классификациясын жасап, әртүрлі кезеңдерге бөлген. Самойлович 1928 жылы Ленинградта жарияланған еңбегінде көне түрк тілінің негізінде пайда болған Шығыс түркшесін төрт кезеңге ажыратқан. Самойлович диалект айырмашылықтарын ескере отырып, «Шағатайша» терминін тек қана Орта Азиялық әдеби түрк тілі үшін қолданады [3, 10]:

1. Қарахан түркшесі немесе Қашқар түркшесі (XI-XII ғғ.)
2. Қыпшақ-Оғыз түркшесі (XIII-XIV ғғ.)
3. Шағатайша (XV-XIX ғғ.)
4. Өзбекше (XX ғ)

Көпрүлү шағатай тілін бес кезеңге бөліп қарастырады [1,18]:

1. Алғашқы шағатай кезеңі (XIII-XIV ғғ.)
2. Классикалық кезеңнің басы (Науаиге дейін, XV ғ. бірінші жартысы)  
Классикалық шағатай кезеңі (Науаи кезеңі, XV ғ. екінші жартысы)
3. Классикалық кезеңнің жалғасы  
(Бабыр мен Шайбанилар кезеңі, XVI ғ.) А. Н. Самойлович
4. Тоқырау мен құлдырау кезеңі (XVII-XIX ғғ.)

Экман 1966 жылы жарияланған *Chagatay manual*(Шағатайшаның оқулығы) еңбегінде шағатай тілін 3 кезеңге бөледі:

1. Классикалық шағатайшаға дейінгі кезең (XV ғ. басынан бастап Науаидің 1465 жылы алғашқы диваны жазылғанша)
2. Классикалық шағатайша кезеңі (1465-1600 жж.)
3. Классикалық шағатайшадан кейінгі кезең (1600-1921 жж.)

Бүгінгі күні Шағатай түркшесінің зерттеулерімен түрік, өзбек, татар ғалымдары айналысуда. Шағатайша үшін совет ғалымдары тарапынан енгізілген «көне өзбек тілі» термині қазақ тіл білімінде оның өз деңгейінде зерттелмей келе жатқанның бірден-бір себебі деп есептейміз. Қазақ ғалымдары арасында шағатай тілін зерттегендер: Әбсаттар Дербісәлі, Бабаш Әбілқасымов, Сейтбекова Айнұр т.б. Әбсаттар Дербісәлі шағатайшаның маманы ретінде Қожа Ахмет Иасауи кесенесі мен ондағы құлпытастардағы жазуларды қазақ тіліне аударып, зерттеді. Орта ғасырларда өмір сүрген Әбу-л Қасым әл-Фараби, Исмайыл әл-Жауһари әл-Фараби, Әбу Ибраһим Ысқақ әл-Фараби, Бурһанад-Дин Ахмад әл-Фараби, Махмұт әл-Фараби, үш Кердери, үш Сайрами (Исфиджаби), жеті Түркістани, отыз бір Таразилер, Байлақ Қыпшақи, Хасан Әли Жалайыри, Гийас ад-Дин Женди, Хусам ад-Дин Сығнақи және т.б. барлығы жүзге жуық ғалым мен ойшылдардың есімін тауып, еңбектерін ғылыми айналымға енгізді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің зиратын Үндістанда анықтап, оның құлпытасының эпитафиясын шешкен. Ғұламаның «Жаһаннаме» атты поэмасын шағатай тілінен тәржімалап жариялаған (Алматы, «Білім» 2006). Бабаш Әбілқасымов - Әбілғазы Баһадүрдің “Шежіре-и түрік” еңбегінің зерттелу тарихына шолу жасап, ол жердегі тұрақты сөз тіркестерін тілдік тұрғыдан талдаған. Шығарманы Шағатай түркшесінен қазіргі әдеби тілімізге аударып, жеке кітап етіп шығарған.

Шағатай тілі түрк тілінің қыпшақ, оғыз және қарлұқ диалектілерінің жиынтығы мен мұсылман Шығыс түрктерінің ортақ жазба әдебиеті болғандықтан, оны жан-жақты зерттеуді қолға алуымыз қажет. Өз кезегінде тіл білімі үшін баға жетпес деректер осы жазба тілдің қойнауында жатыр. Күні бүгін терминология мәселесі белең алып тұрған тұста көне жазба ескерткіштердегі кейбір көнерген сөздерді жаңғырту, олардың мағыналарын кеңейту арқылы термин жасау өте маңызды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Mustafa Argunşah. Çağatay Türkçesi. Türkiye, İstanbul, «Kesit Yayınları», 2013.
2. Janos Eckmann. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi üzerine araştırmalar. «Türk Dil Kurumu Yayınları», 1996.
3. Janos Eckmann, çev. Günay Karaağaç. Çağatayca el kitabı. İstanbul, 1988.

УДК 903'15

## **ПОЛИТИЧЕСКАЯ МИФОЛОГИЯ В КУЛЬТУРЕ АРИСТОКРАТИИ КОЧЕВНИКОВ НАЧАЛА I ТЫСЯЧЕТЕЛИЯ**

**Шакубаева Дана Сулейменовна**

*[Dawka87\\_87@mail.ru](mailto:Dawka87_87@mail.ru)*

Магистрант кафедры тюркологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан  
Научный руководитель – доктор PhD, ст. преподаватель С.А. Ярыгин

Этногенетические (этногенеалогические, этногонические) легенды, мифы, предания вызывают особый интерес в исследовании проблем этнической и политической истории древних народов и в особенности без письменных.

Предания дошедшие до нас от периода ранних и средневековых кочевников достаточно трудно соотнести с определенным типом фольклорных произведений, что объясняется во первых фрагментарным состоянием источника, во вторых тем, что на ранних этапах исторического развития эпос и мифология практически неотличимы друг от друга. Как отмечает С.С. Бессонова на основе изучения скифских этногонических преданий, последние по формальным признакам, таким как космичность предмета изображения, трактовки древних событий как субъективных частиц мироздания и идеальных прототипов для настоящего, претензия на достоверность, мифическое время событий или действий героя, присутствие сакральной нормы, соотносятся с мифом как таковым. При этом архаизм предания по мнению автора обусловлен его религиозным содержанием. Автор замечает, что в основе предания лежит генеалогический сюжет являющийся самостоятельно как таксономическая единица древнейшей разновидностью Мифа [1, с. 11-12].

Традиционно исследователи выделяют в сакральной мифологии четыре основных раздела: теогония (мифы о происхождении богов), космогония (мифы о происхождении мира), антропогония (мифы о происхождении человека) и историогенез (мифы о начале истории). Содержательная часть архаической сакральной мифологии говорит о существовании в контексте мифологических представлений о начале истории комплекса мифов, которые посвящены нерациональной, чудесной природе происхождения власти. Данный комплекс мифологических представлений обозначается под общим наименованием «политическая мифология» (отделяемой от политической мифологии связанной с т.н. «государственным заказом»), к которой относится генеалогия правящих династий, часто возводящих свой род к племенным божествам [2, с. 189-191].

Как и любая мифология, политическая состоит из отдельных единиц – мифем, представляющих собой в данном случае специфические символы власти, которые кодифицируют образ власти, правителей в рамках традиционных представлений и культуры.

Под мифемой современная семиотика понимает фундаментальную единицу мифа, формирующую его синхро-диахроническую структуру и делающую возможным достижение главной его цели [3, с. 218] и наряду с мотивемой, мотивом и термой является структурной сюжетобразующей единицей фольклора [4, с. 194-260]. Мифема может быть сопоставлена с концептом в картине мира отражая представления о не существующих в природе явлениях и объектах, колеблясь от знака мифа до смыслового целого мифа, называющего ядерные элементы содержания [5, с. 54; 6, с. 281-293; 7, с.223].